

2021-2025 жылдар аралығындағы сапа саласындағы САЯСАТ

SatbayevUniversity – қоғамның мүдделерін ескеріп, индустрия үшін ғылыми-зерттеу және инновациялық міндеттерді жүзеге асыратын әлемдік деңгейдегі ғылыми-зерттеу холдингіне айналу саясатын мақұлдайды, ХХІ ғасырдағы адамзаттың жаһандық проблемаларын шеше алатын жоғары кәсіби мамандар даярлауды қамтамасыз етеді.

Университет қолайлы академиялық және ғылыми жағдайлар, еркін ғылыми қарым-қатынас пен жоғары академиялық стандарттар жасау арқылы жас ғылыми таланттарды, ең жоғарғы деңгейдегі ғалымдарды және зияткерлік тұрғыдан перспективалы білім алушыларды тарта отырып, технологиялық инновациялар, ғылыми-техникалық зерттеулер орталығы болуға ұмтылады. Университеттің сапа саласындағы саясаты – ғалымдарды, оқытушыларды, білім алушыларды жоғары ғылыми және академиялық жетістіктерге шабыттандыратын және ынталандыратын қолайлы интеллектуалды ортаны құруға бағытталған.

Университеттің сапа жүйесінің басты мақсаты – академиялық стандарттардың сапасы мен қолайлы цифрлық ортаны қалыптастыру, ғылыми-зерттеу инновациялары жолындағы процестерді жетілдіру және кедергілерді жою болып табылады. Университет басшылығы қойылған мақсаттарды жүзеге асыру үшін университеттің барлық мүдделі және белсенді тараптарын: білім алушыларды, түлектерді, ғалымдарды, оқытушыларды, корпоративтік орта мен бизнесті, қоғам мен мемлекеттік органдарды тарту мен кері байланысы қажет екенін түсінеді.

SatbayevUniversity ерекше мәртебесі бар дербес жоғары оқу орны ретінде өзінің білім беру және ғылыми стандарттары, ISO 9001:2015 халықаралық сапа стандарттары, ESG еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі ережелері мен Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік стандарттары шеңберінде сапа саласында мәлімделген Саясат пен Мақсаттарға қол жеткізу бойынша корпоративтік жауапкершілікті сезінеді және өз міндетіне алады.

Университеттің сапа саясаты:

- академиялық және ғылыми еркіндік, сондай-ақ университет автономиясына;
- академиялық және ғылыми адалдық мәдениетіне, сондай-ақ оның көріністеріне мүлдем төзбеушілікке;
- төзбеушіліктен, зияткерлік экстремизмнен және кез келген кемсітушілік түрлерінен қорғауға;
- білім және ғылым саласындағы корпоративтік рух пен алқалық шешімдерге;
- күнделікті міндеттер үшін ыңғайлы сандық ортаға, қашықтан және бұлтты технологияларға бағытталды.

Университет басшылығы қолайлы ғылыми және академиялық орта құру, біліктілікті арттыру және еңбекақы төлеу, неғұрлым бәсекеге қабілетті және талантты мамандарды тарту және университет инфрақұрылымын дамыту арқылы Даму бағдарламасының Саясатын, Мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуді жүзеге асыру үшін көшбасшы болып табылады.

Университеттің білім алушылары, оқытушылары, ғалымдары мен түлектері адалдықты, кәсіпқойлықты, өз біліктілігін арттыруды, жаңа кәсіби және зерттеу құзыреттерін алуды, академиялық және ғылыми міндеттерді алқалық шешуге белсенді қатысуды және SatbayevUniversity корпоративтік рухын сақтауды қолдайды.

Осы сапа саласындағы саясат білім беруді, ғылымды басқарудың, университетті басқарудың барлық деңгейлерінде алқалы түрде мақұлданған және ішкі және сыртқы мүдделі тараптар үшін SatbayevUniversity-дің кез келген қызметтері мен өнімдерінің сапасын қамтамасыз етуге бағытталған.

Ректор

И.Бейсембетов